

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”



«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I
Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2025 ж. 4 сәуір

«Иновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference
April 4, 2025

Астана, 2025 ж.

УДК 80/81
ББК 81.2
B18

Chief Editor: Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

Editorial Board:

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh. Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”: Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

Table of Contents

SECTION 1

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ

TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING

THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION

Ali Güneş..... 8-11

TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS

Asım AYDIN..... 11-16

DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES

Mustafa CANLI..... 16-21

DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT

ÖZDEMİR. Ö..... 21-29

ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Владимирова С.В...... 30-34

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ

Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С...... 34-42

ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА

Жакаева Г. К., Иметова Ж. К...... 42-46

THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

Zhandildinova A.M.
Zhanayeva Zh.A...... 46-50

THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS

Otyzbayeva K., Zarkesheva A...... 50-53

USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Ospanova F.A...... 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY <i>Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E.....</i>	57-61
МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ <i>Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т.....</i>	62-65
SPEAKING THROUGH READING: MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS <i>B.G. Smagulova</i>	66-70
MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ <i>Мусабаева Г.М.....</i>	71-74
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А.....</i>	74-78
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ <i>А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова</i>	78-81
ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМІЯЛЫҚ СИПАТЫ <i>Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К.....</i>	81-85
Section 2	
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ	
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ	
ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Бейсенбек Ж.</i>	85-90
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М.....</i>	90-92
THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT <i>Загоруля О.Л., Бектрумова А., Ласкова А.....</i>	93-97
Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence <i>Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y.....</i>	97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING <i>A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A.....</i>	101-107
FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION <i>Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.....</i>	107-109
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ <i>Мусабекова З.С., Имангалиева М.К.....</i>	110-115
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА <i>Маликов Н., Аубакирова А.К.....</i>	115-117
Section 3	
ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ	
ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ	
ФАКУЛЬТЕТАХ	
TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES	
МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ <i>Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г.....</i>	118-121
English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan <i>Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A.....</i>	121-128
MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS. <i>Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A.....</i>	128-133
ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM <i>Mukanova L.S., Tazhitova G.Z.....</i>	133-137
ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS <i>Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M.....</i>	138-143
THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS <i>Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K.....</i>	143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Жомай Г.К...... 151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО
КУРСА УНИВЕРСИТЕТА

*Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова
Д.*..... 154-158

Section 4

ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ

НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ

LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT

Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М...... 158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М...... 163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ
ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М...... 168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М...... 171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М...... 175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

Пернебай Е., Мухтарханова А. М...... 178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІң АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ <i>Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М.</i>	182-186
--	---------

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІң АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ» <i>Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М.</i>	186-190
--	---------

Section 5

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ

ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE <i>Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S.</i>	190-195
---	---------

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ <i>Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	195-199
---	---------

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ <i>Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж.</i>	199-206
---	---------

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІң ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ <i>Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ.</i>	206-212
--	---------

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ <i>Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	212-215
---	---------

<i>GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION</i> <i>Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G.</i>	216-220
--	---------

Әдебиеттер тізімі:

1. Biber D. A textual comparison of British and American writing //American speech. – 1987. – Т. 62. – №. 2. – С. 99-119.
2. Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. - Cambridge University Press. - 2003.
3. Tottie G. How different are American and British English grammar? And how are they different //One language, two grammars. – 2009. – С. 341-363.
4. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax, MIT Press. - 1965.
5. Gomez P. British and American English pronunciation differences //URL: <http://www.webpgomez.com/english/404-british-and-american-englishpronunciation-differences>. – 2009.
6. Trudgill P. Sociolinguistics: An Introduction to Language and Society. - Penguin Books. - 2000.
7. Smith E. Language Evolution and the Influence of Webster's Reforms. - Oxford University Press. - 2015
8. McWhorter J. The Power of Babel: A Natural History of Language. Harper Perennial. - 2018.

ӘОК 82.343.821.111

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ»

Шаукен Әсел, Капбасова Алуа
Жетекші: Мухтарханова Айнагуль Мадиевна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Түйіндеме: Бұл мақалада қазақ ертегісі “Ер Төстік” пен ағылшын ертегісі “Джек және бұршақ сабағындағы” бірізділік пен қарама-қайшылыққа талдау жасалды. Зерттеу барысында екі ертегінің мазмұны, идеясы, кейіпкерлері және тәрбиелік мәні қарастырылған. Бұл ертегілерді талдау арқылы екі халықтың дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктерінің көркемдік бейнесін байқай аламыз.

Түйін сөздер: ертегі, рухани мұра, мифология, тапқырлық, батырлық

Аннотация

В данной статье проведен анализ последовательности и противоречия между казахской сказкой “Ер Төстік” и английской сказкой “Джек и бобовый стебель”. В ходе исследования рассмотрены содержание, идея, герои и воспитательное значение двух сказок. Анализируя эти сказки, мы можем наблюдать художественную картину мировоззрения и культурных особенностей двух народов.

Ключевые слова: сказка, духовное наследие, мифология, находчивость, героизм

Abstract

This article analyzes the sequence and contradiction between the Kazakh fairy tale “Er Tastik” and the English fairy tale “Jack and the Beanstalk”. The research examines the content, idea,

characters, and educational significance of the two fairy tales. Analyzing these tales, we can observe an artistic picture of the worldview and cultural characteristics of the two peoples.

Keywords: fairy tale, spiritual heritage, mythology, ingenuity, heroism

Кіріспе

Ертегілер – әр халықтың рухани және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Олар белгілі бір қоғамның дүниетанымын, салт-дәстүрін, құндылықтарын бейнелейді. Әлем әдебиетінде көптеген халықтық ертегілер ұқсас мотивтерге ие болғанымен, олардың ерекшеліктері мен мағыналық айырмашылықтары айқын көрінеді. Әрбір халықтың ертегілері – сол ұлттың дүниетанымының, тұрмыс-тіршілігінің және рухани құндылықтарының көрінісі. Ертегілер халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибесін, ұрпақтан-ұрпаққа мирас еткен тәрбиелік тағылымын жеткізеді. Қазақ және ағылшын халықтарының ертегілері де осы мақсатта қалыптасқанымен, олардың мазмұны, негізгі идеясы және беретін тағылымы әртүрлі. Қазақ және ағылшын ертегілерін салыстыра отырып, олардың арасында мәдениет пен құндылықтарға қатысты бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады. Бұл мақалада қазақ халық ертегісі “Ер Төстік” пен ағылшын халық ертегісі “Джек және бұршақ сабағы” салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданады.

Қазақ және ағылшын ертегілерінің түпкі мақсаты – өскелең ұрпақты тәрбиелеу, оған өмірлік бағыт-бағдар беру. Бірақ әр халықтың тарихи даму ерекшелігіне байланысты бұл ертегілерде әртүрлі құндылықтар алдыңғы орынға шыққан. Ең алдымен екі ертегінің қысқаша мазмұнына тоқталайық. Қазақ халық ертегісі “Ер Төстік” ерекше жағдайда дүниеге келген батыр туралы баяндайды. Оның ағалары аң аулауға кетіп, қайтып оралмаған соң, Ер Төстік оларды іздеуге шығады. Жолында ол Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, Көлтауысар сияқты ерекше қасиетке ие серіктерімен кездесіп, бірге шытырман оқиғаларға тап болады. Ертегіде зұлым күштер – Шойынқұлақ пен жалмауыз кемпір кездеседі, бірақ Ер Төстік өзінің батылдығы мен тапқырлығы арқасында оларды жеңіп, үйіне аман-есен оралады [1].

Ағылшын халық ертегісі “Джек және бұршақ сабағы” кедей жігіт Джек туралы әңгімелейді. Ол сиырын базарға апарып, сиқырлы бұршаққа айырбастайды. Бұл бұршақтан аспанға созылған үлкен сабақ өседі. Джек сол арқылы аспан әлеміне көтеріліп, алыптың үйіне жетеді. Ол алыптың қазынасын – алтын жұмыртқа басатын тауықты және сиқырлы арфаны ұрлап, жерге қайта түсіп, бұршақ сабағын кесіп тастайды. Нәтижесінде алып құлап, өледі, ал Джек анасымен бірге бай әрі бақытты өмір сүреді [2].

Ұқсастықтарына талдау жасайтын болсақ (Кесте 1), біріншіден, екі ертегіде де басты кейіпкерлер шытырман оқиғаларды бастарынан кешіреді, түрлі сынақтардан өтіп, батылдық пен тапқырлық танытады. “Ер Төстік” ертегісінде басты кейіпкер бауырларын іздеп, ұзақ сапарға аттанады. Бұл сапарда оған түрлі қауіп-қатер кездеседі: Шойынқұлақ, мыстан кемпір, Бекторы сияқты жағымсыз кейіпкерлер оған тосқауыл болуға тырысады. Ал “Джек және бұршақ сабағы” ертегісінде басты кейіпкер Джек кездейсоқтықтың арқасында жаңа әлемге тап болады. Оның басты қарсыласы – алып құбыжық. Бұл ертегіде кейіпкер өзінің тапқырлығы мен айласын пайдаланып, қауіп-қатерден аман қалып қана қоймай, алыптың байлығын иеленеді.

Екіншіден, “Ер Төстікте” Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, Көлтауысар сияқты ерекше күшке ие кейіпкерлер бар. “Джек және бұршақ сабағында” сиқырлы бұршақ және алтын жұмыртқа басатын тауық, сиқырлы ән айтатын арфа кездеседі.

Сондай-ақ, екі ертегіде де жансыз заттардың адамша сөйлеуі кездеседі, бұл – халық ауыз әдебиетіне тән мифологиялық және фантастикалық элементтердің көрінісі. “Ер Төстік” ертегісінде басты кейіпкердің сенімді серігі – Шалқұйрық жылқысы болса, Ал “Джек және

бұршақ сабағы” ертегісінде алтын жұмыртқа салатын тауық пен өзі ән айтатын арфаға тіл бітуі көрініс табады.

Кесте 1 - “Ер Төстік” пен “Джек және бұршақ сабағы” ертегілеріндегі ұқсастықтар

	“Ер Төстік” ертегісі	“Джек ж/е бұршақ сабағы”
Шытырман оқиғалар	Бауырларын іздеп жүргендегі басынан өткен оқиғалар	Бұршақ сабағымен аспан әлеміне барғанда шытырман оқиғаларды басынан өткізеді
Ерекше күшке ие кейіпкерлер	Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ тб	Алып құбыжық
Тіл біткен кейіпкерлер	Шойынқұлақ	Алтын арфа, алтын жұмыртқа басатын тауық

Біздің талдауымыз бойынша, екі ертегінің ұқсастықтарынан қарағанда айырмашылықтары көп (Кесте 2).. Жоғарыда айта өткендей, біріншіден, екеуінде екі түрлі мәдениет көрініс табады. Ер Төстіктің ертегідегі іс-әрекетін бақылайтын болсақ, ол өз мүддесі үшін ғана емес, бауырлары мен халқының жағдайын ойлайды. Тіпті сол жолда өз өмірін құрбан етуге даяр болды. Ал Джек тек өзі мен анасының материалдық жағдайын бірінші орынға қойды. Ол өзіне мейірім танытып, бар дәмді тамағын алдына қойған алыптың жұбайының халін есіне де алмады. Себебі ашулы алып Джектің әрекетінің кесірінен бар ызасын әйелінен алуы мүмкін еді.

Екіншіден, “Ер Төстік” ертегісінде адамның ана құрсағына біткеннен бастап, кейінгі өмір жолында кездесетін қазақ халқының салт-дәстүрлері, сенімдері мен әдет-ғұрыптары кеңінен көрініс табады. Ертегінің басында Ер Төстіктің анасы түсінде “төстікті” көреді. Қазақ халқында түсті жақсылыққа немесе жамандыққа жору дәстүрі бар. Бұл – болашақты болжаудың, белгісіз құбылыстарды түсіндірудің бір тәсілі. Сонымен қатар, баланың есімі оның тағдырына әсер етеді деген сеніммен қазақтар мағыналы ат қою дәстүрін ұстанған. Анасы көрген түсіне сүйене отырып, ұлының атын “Төстік” деп қояды. Бұл ат қою дәстүрінен хабар беріп қана қоймай, қазақ мәдениетіндегі есімнің символдық мәні бар екенін көрсетеді. Қазақ халқында балаға ат қою кездейсоқ таңдау емес, оның болашақ өмірімен байланысты үлкен мәнге ие. Ер Төстік ағаларын іздеуге аттанбас бұрын анасынан, үлкендерден бата алады. Қазақ халқы сапарға шыққан адамға “Жолың болсын!”, “Қайырлы сапар болсын!” деп бата беріп, ақ тілегін білдіреді. Қазақ сенімінде батаның ерекше магиялық күші бар, ол адамның жолын ашып, оны түрлі қауіп-қатерден қорғайды. Ертегінің тағы бір маңызды тұсы – құда түсу және қалың мал беру дәстүрлері. Ерназар тоғыз ұлына тоғыз қалыңдық іздеп, олардың отбасыларымен құдалық рәсімін жасайды. Қазақ халқында жігіттің ата-анасы немесе туыстары қызды сұрап, құда түсу рәсімін өткізетін дәстүр қалыптасқан. Бұл дәстүр тек екі жастың үйленуін ғана емес, екі рудың туыстық байланысын нығайтуды да көздеген. Сондай-ақ, қыздың әкесі әр қызына жасауын түгендеп, ұзатады. Аталған салт-дәстүрлер қазақ халқының рухани және әлеуметтік құндылықтарын, туыстық қарым-қатынасқа деген көзқарасын көрсетеді. Ағылшын ертегілерінен мұндай ұлттық ерекшеліктерді кездестіре бермейміз. Ағылшын халық ертегілерінде көбінесе жеке бастың жетістігі, кейіпкердің өз бетінше өмір сүруі, қиындықтарды өз айласымен жеңуі алдыңғы орынға шығады. Қазақ ертегілеріндегі туыстық қарым-қатынас, үлкенге құрмет, дәстүрге сай өмір сүру сияқты құндылықтар ағылшын ертегілерінде айқын көрінбейді.

Үшіншіден, екі ертегіде ана бейнесі әртүрлі сипатта көрініс табады. “Ер Төстік” ертегісінде ана мейірімді, парасатты, ұлының тағдырына алаңдайтын қамқор жан ретінде бейнеленеді. Ол Ер Төстікке сапарға шығар алдында ақ батасын беріп, жолына сәттілік тілейді, бұл қазақ халқының ананың ақ тілек, батасының қасиеттілігіне деген сенімін көрсетеді. Ал “Джек және бұршақ сабағы” ертегісінде ана кейіпкері баласының болашағына

алаңдап, оны нақты өмірлік ұстанымдарға бейімдеуге тырысады. Алайда, Джек шешесінің ақыл-кеңесіне құлақ аспай, отбасының соңғы сиырын ақшаға емес, сиқырлы бұршаққа айырбастап, оны бекер іс деп санаған анасының ашуын туғызады. Бұл жағдай ағылшын мәдениетінде ата-ананың ақылына бағыну міндетті емес екендігін, кейде бала өз шешімін өзі қабылдауы керектігін көрсетеді. Осылайша, қазақ ертегісінде ана рухани тірек, ақылшы ретінде суреттелсе, ағылшын ертегісінде ана күнделікті тұрмыстың қамын ойлайтын, шынайы өмірге жақын кейіпкер ретінде бейнеленеді.

Төртіншіден, екі ертегідегі оқиға желісінің дамуы мен кеңістігі де айтарлықтай ерекшеленеді. “Ер Төстік” ертегісінде оқиға негізінен жер асты әлемінде өрбиді. Батыр жердің астына түсіп, небір қиындықтарға тап болады, сиқырлы күштермен күресіп, түрлі сынақтардан өтеді. Бұл қазақ халқының жер асты әлемін тылсым, құпия күштер мекені ретінде қабылдауымен байланысты. Жер асты – қауіпті, белгісіздікке толы, бірақ сол жерде адамның ерік-жігері мен батырлығы шындалады. Ал “Джек және бұршақ сабағы” ертегісінде оқиға екі кеңістікте – жер мен аспан әлемінде дамиды. Джек бұршақ сабағы арқылы аспанға көтеріліп, алыптың үйіне түседі. Аспан – сиқырлы әлем, жаңа мүмкіндіктер мекені. Бұл ағылшын ертегілерінде сиқыр мен қиялға деген сенімнің басым екенін көрсетеді. Жер – адамның нақты өмір сүретін ортасы болса, аспан – оның армандары мен мүмкіндіктерін білдіреді. Осылайша, қазақ ертегісінде кейіпкер жер астына түсіп, өзін шыңдайды, ал ағылшын ертегісінде кейіпкер аспанға көтеріліп, бағын сынайды.

Кесте 2 - “Ер Төстік” пен “Джек және бұршақ сабағы” ертегілеріндегі айырмашылықтар

	“Ер Төстік” ертегісі	“Джек ж/э бұршақ сабағы” ертегісі
Мақсат	Бауырларын құтқару	Материалдық жағдайын көтеріп, кедейліктен құтылу
Салт-дәстүр	“Ат қою”, “бата беру”, “құда түсу” т.б.	Жоқ
Ана бейнесі	Анасының ақ батасын алады	Анасын тыңдамайды
Оқиға орны	Жер асты әлемі	Аспан әлемі

Қазақтың “Ер Төстік” және ағылшынның “Джек және бұршақ сабағы” ертегілерін талдай отырып, екі халықтың дүниетанымы, құндылықтары мен тәрбиелік ұстанымдары әртүрлі болғанымен, оларды ортақтастыратын тұстары да аз емес екенін байқаймыз. екі ертегіде де кейіпкер қиындыққа қарсы тұрып, сынақтардан өту арқылы шындалады. Бірінде батыр жер астындағы тылсым әлемде жауларымен күрессе, екіншісінде кейіпкер аспанға көтеріліп, алыпқа қарсы тұрады. Бұл – әр халықтың өзіндік мифологиялық әрі мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін көркемдік құралдар. Қазақ және ағылшын ертегілерінің басты мақсаты – ұрпақ тәрбиелеу, жас ұрпақты өмірдің сынақтарына дайындау. Қазақ ертегілері арқылы бала әділдікке, жауапкершілікке, үлкенді сыйлауға, туған жер мен отбасы алдындағы парызын түсінуге үйренсе, ағылшын ертегілері тапқырлыққа, тәуелсіздікке, кез келген жағдайда өз пайдасын табуға бейімдейді. Осылайша, әр халықтың ертегілері – оның мәдениетінің айнасы. Олар тек қиял-ғажайып оқиғалар жинағы емес, халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, өмірлік құндылықтарын келесі ұрпаққа жеткізетін рухани мұра.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халық ертегілері. – Алматы: «Атамұра», 2015.
2. Джек және бұршақ сабағы / Jack and the Beanstalk. – Лондон: Usborne Publishing, 2015.
